

Педагог

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК, ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ, ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

6(90)

2025



Жанат Лесбекқызы
СУЛЕЙМЕНОВА

Жанат Лесбекқызы СУЛЕЙМЕНОВА



Мұқабда: Жанат Лесбекқызы СУЛЕЙМЕНОВА,
Алматы қаласы Білім басқармасының «Ғабиден Мұстафин атындағы №191 жалпы білім беретін мектеп» КММ бастауыш сынып мұғалімі.
Алматы қаласы.



Педагог

№6 (90)
Қараша-Желтоқсан
(Ноябрь-Декабрь)
2025

Журнал екі айда бір рет шығады / Журнал выходит один раз в два месяца

Журнал 2011 жылдың қаңтар-ақпан айынан бастап қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады. Журнал издается с января-февраля 2011 года на казахском и русском языках

Республикалық ғылыми-әдістемелік педагогикалық журнал
Республиканский научно-методический педагогический журнал

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

Ж. Сулейменова

Бастауыш сынып оқушыларының ұлттық құндылығын қалыптастыру мәселелері..... 4

Р. Жумағалиева

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы ұлттық құндылықтар жүйесін қалыптастыру құралы ретінде 8

Ч. Люи, Н. Рена

Жоғары білімдегі сандық бейімделудің үш компоненттік шеңбері: саяси логика, технологиялық мүмкіндіктер және педагогикалық белсенділіктің өзара әрекеттесуі 10

А. Сайлаубаева, А. Құрманғалиева

Бастауыш сынып сабақтарында ойын технологиясын пайдаланудың маңызы..... 13

С. Нугманова

«Қазақстан тарихы» пәні сабақтарында «Қазақ хандығы» тақырыбының сабақтастығы..... 15

А. Абдигалбаров

Жасөспірімдердің девиантты мінез-құлқының алдын алудың негізгі тұғырлары..... 18

Н. Павич

Проектно-исследовательская деятельность школьников на уроках математики 23

С. Кошкарлова

Организация самостоятельной работы будущего учителя музыки 26

М. Абишева

Использование интерактивных методов обучения на уроках русского языка..... 29

Е. Филиппова

Исследовательская деятельность школьников как средство развития их интеллектуального и творческого потенциала..... 33

А. Олжаева

Развитие познавательного интереса через создание на уроках проблемных ситуаций..... 35

Н. Камзин

Применение инновационных технологий и методов, на уроках производственного обучения 39

Ж. Есенаманова

Отбасы және қаржы..... 42

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«ПЕДАГОГ LTD» ЖШС

Бас редактор:

Гүлжанат ҚҰСТАНОВА

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде
15.02.2010 ж. Астана қаласында тіркеліп, №10712-Ж куәлігі берілді.

Басуға кол қойылды
09.01.2026 ж.

Офсеттік басылым.

Тапсырысы: 320.

Басылым индексі: 74312

Редакцияның мекен-жайы:

050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.

Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.

Ұялы тел.: 8 777 303 37 67.

Эл.пошта: pedagog-ltd@mail.ru

Журнал <<RADO Print>>

баспаханасында басылды.

Алматы қ., Мыңбаев көш., 46,
кеңсе 411А

Көркемдеуші және беттеуші:

Нұрзат РАЙМҚҰЛОВА

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА: РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

Н. Омашев — ҚР Жоғары мектеп Ғылым Академиясының академигі, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор.

С. Аманжолов — педагогика ғылымдарының докторы, ҚР Білім беру ісінің үздігі.

Ә. Дүйсебек — Ұлттық құндылықтар Академиясының вице-президенті.

А. Миразова — Алматы қаласы, №159 мектеп-гимназиясының директоры, ҚР Білім беру ісінің үздігі, Қазақстанның Еңбек Ері.

Р. Кіршібаева — Алматы қаласы, №145 мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.



Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

Опубликованные материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи и фотоснимки не рецензируются и не возвращаются. Перепечатка материалов, опубликованных в журнале допускаются только с согласия редакции.

Журнал зарегистрирован в Министерстве культуры и информации РК в г. Астане. Выдано свидетельство №10712-Ж от 15.02.2010 г.

Подписано в печать 09.01.2026 г.
Печать офсетная.
Заказ 320.

Подписной индекс: 74312

Учредитель:

ТОО «Педагог LTD»
Адрес: 050036, г. Алматы,
Мкр. Мамыр-2, 13-7.
Тел./факс: 8 (727) 255-72-94;
сот.т.: 8 777 3033767

Эл. почта: pedagog-ltd@mail.ru

Журнал напечатан в типографии
<<RADO Print>>

г. Алматы, ул. Мынбаева, 46, оф. 411А

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word бағдарламасына жазып жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Болмаса, факс, бағалы хат арқылы редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Представляемые материалы должны быть напечатаны и сохранены в программе Microsoft Word. Объем не более 2-х страниц, шрифт Times New Roman. Сведения об авторе должны быть точными и полными. Фотографии высылайте отдельными файлами в формате JPEG, TIFF, не вставляя в текст статьи. К высылаемому материалу приложить копию квитанции о подписке на журнал. Материалы отправляйте на электронную почту (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru), факсом или заказным письмом.



Жанат Лесбекқызы Сулейменова Түркістан облысы Созақ ауданы Қарағұр ауылында 1973 2 шілде күні дүниеге келді. 1990 жылы Панфилов мектебін тәмамдап болған соң Қазақ көлік және байланыс академиясын (КазАТК) Инженер-құрылыс мамандығы бойынша аяқтады. Жан қалауы шығармашылық болған соң, бала тәрбиесі туралы курс пен кітаптар Жанат Лесбекқызын ағартушылыққа алып келді. Академик Ә. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университетінің «Бастауыш оқыту және педагогикалық әдістемесі» бөлімін оқып бітірді. Педагогикалық еңбек жолында «Зердеш» зияткерлік мектебі, «Orken Education», «PRIZMA» жеке мектептерінде қызмет атқарып, қазір Алматы қаласы Білім басқармасының «Ғ. Мұстафин атындағы №191 жалпы білім беретін мектеп» КММ бастауыш сынып мұғалімі болып еңбек атқарып келеді.

Жанат Лесбекқызының ұстанымы: «Ұлт жанашыры – ұстаз. Ұстаз – баланың көзіне от, жүрегіне нұр құю керек. Баламен жұмыс жасау қиын дейтіндерге – баланы, өз ісінді шын жүрекпен жақсы көру қажет демекпін. Еңбектің жемісінің төте жолы осы ғана».

Ұстаз өзінің зерттеу жұмыстарын ұлттық тәрбие мәселелеріне арнауда. Халықтық тәрбиені бала бойына сіңіре білу – үлкен өнер екендігі хақ.



**Жанат Лесбекқызы
СУЛЕЙМЕНОВА,
Алматы қаласы Білім
басқармасының
«Ғабиден Мұстафин атындағы
№191 жалпы білім беретін
мектеп» КММ
бастауыш сынып мұғалімі.
Алматы қаласы.**



Бастауыш сынып оқушыларының ұлттық құндылығын қалыптастыру мәселелері

Адам үшін ең басты құндылық — өмір мәнін сезіне білу, өмірдің мәнін өз бойынан іздеп, өмірді рухани толықтыру. Адам өмірінің мән-маңызы іс-әрекет, мақсат, мұрат, күш-қайрат және өмір сүру жолдарымен бағаланады. Белгілі философтар Лотце, Коген «Аксиология» («*axia*» — грекше «құндылық», «*логос*» — ілім, ғылым) құндылық ұғымына тұңғыш анықтама берген.

Э. Кассирер «құндылық — бұл адамның ішкі дүниесінен тыс, мәңгі идеалды әлем» — деп түсіндіреді. Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігінде: «Құндылық — нарқы жоғарылық, қымбаттылық, бағалылық» — деген ұғымды білдіреді. Қазақ кенес энциклопедиясында: «Құндылық — объектінің жағымды немесе жағымсыз жақтарын білдіретін философиялық-социологиялық ұғым», - деп атап көрсетеді.

Ұлы кеменгер жазушы М. Әуезов: «Қытай халқы ұлы қытай қорғанын, итальяндықтар сазды әуенімен таң қалдырса, қазақ халқы ұлттық құндылықтар мен бай тілін мақтан етеді», - дейді. Ж. Аймауытов: «Тәрбиенің негізгі мақсаты мінезді түзеу, адамшылыққа қызмет ету, адал еңбек ете білуге тәрбиелеу», - деген қағиданы қуаттай келіп, «Баланы тәрбиелеу үшін әрбір тәрбиешінің өзі тәрбиелі болуы керек. Себебі бала айтып ұқтырғаннан гөрі, көргеніне көп еліктегіш келеді. Солай болған соң балаға не

жақсы мінез болсын, іспен көрсету керек», - дейді.

Шоқан Уәлиханов халықтардың ұлттық психологиясын көрсететін белгілердің бірі - сол халықтың тіл байлығы, сөз өнері, шешендік қасиеттері. Ол сөз өнерін халық бойына біткен зор таланттың, керемет қабілеттің, ақындық қуаттың белгісі деп санады. «Халықтың тұрмысы мен әдет-ғұрпы, - деп жазды ол, - бәрінен де артық тілден көрініс табады. Өткенді қастерлеу және аңыздардың молдығы — терістік және Орта Азия көшпелі халықтарының ерекше қасиеті. Ұлттық құндылық қасиеттер рәсімдеріміз, ұлттық сана-сезіміміз, ойымыз, дәстүрлік іс-әрекетіміз заман ағымына қарай қолданысының өзгеріс табады деген пікірді әрбір ой толғаушы ғалымдардың еңбектерінен байқауға болады. Ұлттық руханилық — ұлттық құндылықтың мәні деп түсінеміз. Белгілі ресей ойшылы, ақын А.С. Пушкин «ұлттың рухани кілтін, табиғи ортасын климат, ауа райы, діні мен рухының айнасы» деп өз поэзиясында тоқталып өтеді. Н. Елікбаев «ұлттық сана-сезім — өзінің ұлттық өкілдігін мойындай отырып, ұлтына деген сүйіспеншілік, жанашырлық, халық мұраларын, мақтанышын бағалай білу» — дейді. Қазіргі терең өзгерістер ұлттық тәлім-тәрбие ерекшеліктерін бүкіл адамзат жинақтаған тәжірибемен ұштастыра отырып, қазақ мектебінің болашақ дамуының жаңа белеске көтерілуіне жағдай туғызды.



Халықтың ата-баба мұрасының баға жетпес рухани байлықтары тілі, діні, тарихы, әдебиеті, табиғи ортасы, шаруашылық ұйымдастырумен күнкөрісіне байланысты қалыптасқан ұлттық қол өнері, киім-кешегі мен ою өрнегі, қайталанбас үй құрылысы мен жиһаздары, қару жарақ әуез аспаптары, шабыттылығы мен имандылығы, ізгілігі мен адамгершілігі – қысқасы ұлттың бүкіл болмыс бітімі бүгінгі таңда білім мен тәрбие мазмұнынан берік орын алуы тиіс. Ұлттық тәрбиенің пәрменділігін арттырудың бір көзі – әдет-ғұрып, салт-дәстүр, жөн жосық, жол-жоралғы секілді этностық ерекшелігіміздің психологиялық астарларына бойлап, олардың белгілерін, оның күнгейі мен көлеңкесі жақтарының даму, қалыптасу жолдарын ғылыми електен өткізуге келіп тіреледі. Ұлттық тәрбие дәстүрлері бойынша ата-ананың балаға қамқорлығы арқылы *қайырымдылық, инабаттылық, имандылық, кішіпейілдік, мейірімділік* – бәрі-бәрі отбасындағы тәрбие жұмыстары негізінде қалыптасады.

«*Қайырымдылық*» ұғымын В.И. Даль түсіндірме сөздігінде: «жүрек қалауы бойынша, көңіл (ниет) білдіру, қайырымдылық іс жасауға даяр болу, сүйіспеншілігін іс жүзінде көрсету» деп көрсетеді. Бұл адамның адамдарға, жетімдерге, кемтарларға, ауруларға, мүсәпір адамға, бақытсыздыққа ұшырағандарға деген аяушылық қасиеттерінің көрінісі.

Адамның рухани-адамгершілік әлемі туралы ұлт ұстазының жолын жалғастырушы, Абайдың шәкірті әрі жақын інісі, ағартушы ойшыл ақын Шәкәрім Құдайбердіұлының адам тәрбиесі мәселелеріне қатысты теориялық ізденістері мен ұстанымдарына гуманистік ой-пікірлер мен

зерттеу нысанына деген сындарлы, рационалды көзқарастар тән. Оның көзқарастары мен дүниетанымындағы адам тәрбиесі жөніндегі ойлар жан-жақтылығымен, тереңдігімен ерекшеленеді. Шәкәрім «дүниетанымының басты тақырыбы да тәрбие мәселелері болып табылады», - дейді. Шәкәрімнің рухани-адамгершілік мәселелерін қамтыған шығармалары: «Үш анық», «Тіршілік, жан туралы», «Тумақ, өлмек тағдырдың шын қазынасы», «Ақыл деген өлшеусіз бір жарық нұр», «Адам немене», «Тәңірі мен жан», «Анық пен қанық», «Жан мен дене һәм көңіл» мен «Тау басындағы ой» атты өлеңдерін атап өткен жөн. Бұл шығармаларында жан мен тән, ақыл-ойлылық пен материалдық құндылықтар арақатынасы, адам рухының, адамгершілігінің, танымының қалыптасу жолдары, адамның өмірі мен оны қоршаған әлемнің құрылымы туралы баяндалады. Ұлттық құндылықтарды жоққа шығару, өзге мәдениеттің жетегінде кету – өз ұлтын сүймеушіліктен, ұлтты қорсынушылықтан, көзқамандықтан туындайды. Бұған қарсы тұру үшін жас буынның жан-жүрегіне ұлттың қаһарман тарихын, ізгі салт-дәстүрлерін, тілі мен ділін, өзіне тән жағымды мінез-құлқын сіңіру жұмыстарын жүйелі түрде ұйымдастыру қажет. Сонда адам үшін ауадай қажет – ұлттық мақтаныш сезім пайда болады. Бұл жөнінде Б. Момышұлы «Ұлттық мақтаныш сезімі деген не?» деген сұрақты өзіне-өзі қоя отырып, былай деп жауап береді: «Ұлттық мақтаныш сезімі дегеніміз – белгілі бір ұлт өкілдерінің жеке мақтаныш сезімі, белгілі бір немесе басқа бір ұлт адамының көптеген жеке мақтаныш сезімінің жиынтығы болып табылады. Ұлттық құндылықтардың



кең өрісі халықтың мақал-мәтелдері, шешендік, даналық сөздерінде. Олай болса, біз әдебиет пәнінде оқушыларға мақал-мәтел, жұмбақ, жаңылтпаш, жыр жаттатып, ертегіні нақышына келтіріп баяндауды үйретіп, рухани құндылықты бойына сіңіреміз. Баланың бойына ұлттық құндылықтың нәрін сеуіп, азамат қылып өсіру ұстазға да байланысты.

Ұлттық әдеп — қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптастырған ұлттық құндылығы. Дана халқымызда «Ағаш түзу, әдемі болып өсу үшін оны көшет кезінде баптау керек, ал қисық ағаш болып өскенде оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Қазақ халқының ұлттық әдебиеті (жырлар, ертегілер, шешендік сөздер, т.б.) әлемдегі ең бай әдебиет. Ол балаларды ерлікке, бірлікке, еңбекке, адалдыққа, адамгершілікке, көркемдікке тәрбиелейді. Қазақ халқының ұлттық болмысы ерекшеленіп, тәлім-тәрбиелік негіздері қалыптасқандығын айқындайтын оның *ауыз әдебиеті мен жазу мәдениеті*.

Ауыз әдебиеті — тәрбие құралы. Әуелі жеке дарындардың дуалы ауыздарынан шығып, кейін оны халық қалап, қастерлеп, жаттап, жадында қалдырып, ғасырлар бойы өндеп, өркендетіп, қадірлеп қалыптастырып, асылым деп ақыл-санасына сіңірген ауыз әдебиетінің үкілі үлгілері — мәдени мұрамыздың ең құнды қазынасы. Ол — ұрпақ тәрбиесінің күн сәулесіндей әсерлі нұрымен от алатын ой тамызығы болып, жанды жалындататын, қиялды қияндататын, ақыл-сананың айшықты көріністерін бейнелейтін қасиетті, киелі мұра. Балаларға арнап көркем сөздер, өлеңдер, жұмбақ-жаңылтпаштар, әңгімелер шығарған ұлттық тәрбиеге сөздердің берері

өте мол болған. Мысалы: «аяғыңды көкке көтерме», «үйге қарай жүгірме», «қолыңды төбеңе қойма», «мал сүйегін отқа жақпа», «ақты төкпе», «қолыңмен жер таянба», «есікті керме», «пышақты жалама»... т.б. Ұлттық тәрбиені қолданып сабақ өткізу, білім беру ұтымды. Арнайы сабақ, ойын сабағында болсын ұлттық тәрбиені қолдану қажет деп ойлаймыз.

Қазіргі ұлттық тәрбиеде басты нысана баламен рухани үндестікпен үйлесімдікке ұмытыл, ата-баба мұрасын сақтауға көңіл бөлу халықтың тәлімдік мұрасын бүгінгі күнмен сабақтастыру болады. Қазақ халқы баланы дүниедегі барлық асылдан жоғары бағалаған, болашағына, арманына бағалаған. Сондықтан халқымыз «Балалы үй базар, баласыз үй мазар», «Босағасын алтынан соққанда, перезент сүймей адамның мейірі қанбас» деп барлық асыл сөзді арнаған. Қазақ отбасы көбінесе көп балалы болып келген. Ата, апа, әке шешенің қарым қатынасы жас баланың адамгершілік жағынан жетілуне үлкен үлес қосады, ізгілікті іске баулиды. Әр баланың жеке басы оның ұлттық рухта, моральдық дамуы үшін қамқорлық жасау бүгінгі күннің және алдағы күндердің талабы, оған тәрбиешілердің күнделікті көңіл бөлуі талап етіледі. Ұлттық тәрбиенің ең басты жолы — *сәлемдесу*. Сәлем түзелмей, әлем түзелмейді-деп бекер айтпаған. Сәлем — арабтың тыныштық, бейбітшілік мағынасындағы ассалам сөзінің тілімізде фонетикалық өзгеріске түсіп, қалыптасқан түрі. *Сәлемдесу* — тұңғыш рет немесе араға белгілі бір уақыт салып, кездескен таныс және бейтаныс адамдардың дәстүрлі сөз, ишара не дене қимылы арқылы бір-біріне жақындық ниет, ілтипат білдіріп, жылы шырай



танытуы. «Сәлем – сөздің басы» дейді. Адамшылық – амандасудан басталады. Ұлттық құндылықты балалар бойына дарыту, үздіксіз білім беру, тәрбиелеу жүйесі арқылы дамыту басты міндетіміз.

Бастауыш сынып – баланың бойында білім мен тәрбиенің алғашқы іргетасы қаланатын маңызды кезең. Ал өсіп келе жатқаның тұлғаның бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру – ұлт болашағының тізгінін ұстайтын ұрпақты тәрбиелеудегі ең негізгі міндеттердің бірі.

Қазақ халқының белгілі жазушысы Мұхтар Әуезов: «Ұлт боламын десен, бесігіңді түзе», - деген. Осы тұрғыда ұлттық құндылықтарды дәріптеу отбасы мен мектептің бірлескен міндеті екенін де айта кету керек. Бастауыш сынып мұғалімі баланың тек академиялық білімін ғана емес, оның адамгершілік, рухани қасиеттерін қалыптастыруға жауапты. Қазақ халқының салт-дәстүрлері, тарихи мұрасы, тілі мен ділі бастауыш сынып бағдарламасында ерекше орын алуы тиіс.

Балалар ұлттық тәрбиені сіңіріп өссе, болашақта олардың қазақы рухта тәрбиеленген саналы, мейірімді азамат болып қалыптасатыны анық. Бастауыш сынып оқушыларына ұлттық құндылықтарды таныту үшін оқу-тәрбие процесінде дамыта оқыту, сыни ойлау технологиялары, диалогтік оқыту әдістері, сондай-ақ, дидактикалық ойындар мен халық ауыз әдебиетінің түрлі элементі қолданылады. Әдетте сабақ барысында мақал-мәтелдер, жұмбақтар, өтірік өлендер, жаңылтпаштар айту тиімді әдіс саналады. Бұл тәсілдер әр оқушының ұлттық санасын қалыптастыруға бағытталады.

Бауыржан Момышұлының: «Тәр-

тіпке бас иген құл болмайды, тәртіпсіз ел болмайды» деген нақыл сөзі осы орайда өзекті. Бастауышта ұлттық құндылықтарға негізделген тәртіппен тәрбиені қалыптастыру еліміздің жарқын болашағына салынған берік көпір болмақ.

Ұлттық құндылықтарды бала жас-тан бойға сіңіру – ұлт болашағы үшін жасалатын маңызды қадам. Мейірімділікке негізделген, ұлттық салт-дәстүрлерді дәріптейтін тәрбие көзі балалардың жан-дүниесін байытып қана қоймай, оларды адамгершілікке баулиды. Ел болашағы ұлттық рухты биік ұстайтын, терең білімді, тәрбиелі ұрпақтың қолында. Ал мектеп табалдырығынан басталатын ұрпақ тәрбиесі – әрбір мұғалімнің абыройлы борышы.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Культурология: Учеб. Пособие для студ. высш. учеб. завед. – М.: Феникс, 1995. – 576 с.
2. Кожаметова К.Ж. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика. – Алматы: Ғылым, 1998.
3. Елікбаев Н. Ұлттық психология. – Алматы. Қазақ университеті, 1992.
4. Табылдиев Ә. Ұлттық тәрбие иірімдері. – Алматы, 2002.

**Жанат Лесбекқызы
СУЛЕЙМЕНОВА,
Алматы қаласы Білім
басқармасының**

**«Ғабиден Мұстафин атындағы
№191 жалпы білім беретін мектеп»**

**КММ
бастауыш сынып мұғалімі.
Алматы қаласы.**



«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы ұлттық құндылықтар жүйесін қалыптастыру құралы ретінде

Қазақстан болашағы – білімді де тәрбиелі ұрпақ. Осы мақсатта 2024 жылы ҚР Оқу-ағарту министрлігі «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын қабылдады. Бағдарлама балабақшадан бастап мектеп пен колледжге дейінгі білім беру ұйымдарында жүйелі тәрбие жұмысын жүргізуге бағытталған. Оның басты мақсаты – жас ұрпаққа ұлттық құндылықтарды дарытып, патриоттық рухты қалыптастыру, әділдік пен еңбекке баулу.

Бағдарламаның негізгі бағыттары жайлы айтатын болсақ, бағдарлама тәрбиенің үштағанына сүйенеді:

Ұлттық бірегейлікті сақтау;

Қоғамға қызмет ету;

Экологиялық мәдениетті қалыптастыру.

Осы құндылықтар негізінде тәрбие жұмысы төмендегі бағыттармен жүргізіледі:

- Тәуелсіздік пен отаншылдық;
- Бірлік пен ынтымақ;
- Әділдік пен жауапкершілік;
- Заң мен тәртіп;
- Еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік;
- Жасампаздық пен жаңашылдық.

Айлық тәрбие тақырыптары

Бағдарлама бойынша әр ай белгілі бір құндылыққа арналады. Бұл жүйе балабақша, мектеп және колледждерде тәрбие сағаттарын, іс-шараларды жоспарлы түрде ұйымдастыруға мүмкіндік

береді.

Бағдарлама аясында оқушылардың белсенділігін арттыратын және әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыратын жобалар енгізілген:

«Камқор» – мейірімділік пен жанашырлыққа баулу;

«Шабыт» – шығармашылық пен өнерді дамыту;

«Еңбегі адал – жас өрен» – еңбекқорлыққа тәрбиелеу;

«Ұшқыр ой алаңы» – ойлау қабілетін шыңдау;

«Smart Bala» – цифрлық сауаттылық пен инновацияға бағыттау.

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы – ұрпақ тәрбиесін балабақшадан бастап жүйелеуге арналған кешенді құжат. Ол жас буынды әділ, еңбекқор, отансүйгіш, жауапкершілігі жоғары тұлға етіп қалыптастыруға ықпал етеді. Мұндай қадам елдің рухани жаңғыруына, ұлттық бірегейлікті сақтауға және бәсекеге қабілетті азамат тәрбиелеуге бағытталған.

Қазақстанның әрбір балабақшасы, мектебі мен колледжінде жүзеге асатын «Адал азамат» бағдарламасы – еліміздің жарқын болашағы үшін, дамыған елдердің қатарында болуымыз үшін аса қажет және уақытылы қабылданған бағдарлама. Ұлттық құндылықтарды дәріптеу арқылы қоғамда әділдік пен бірлікті, еңбексүйгіштік пен жаңашылдықты орнықтыру – басты міндет. Ұл-



тымыз – қазақ, қазақ қанында әділдік пен адалдық қашан да басты ұлттық код болып қала беретіндігі анық. Жас өскелең ұрпақтың бойына адалдық қасиеттерін сіңіру құрсақта жатқаннан өмір бойы жүретін үздіксіз үдеріс деп қарастыруға болады. Себебі, адам ең алдымен өзіне адал болуы шарт. Өзіне адал азамат қоғамға да адал қарайтыны белгілі. Сондықтан мектебімізде «Адал азамат» бағдарламасы аясында түрлі шаралар өтуде. Әр айды тақырыпқа байланысты атаймыз. Атап айтсақ:

- Қыркүйек – еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік айы;
- Қазан – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
- Қараша – әділдік және жауапкершілік айы;
- Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;
- Қаңтар – заң және тәртіп айы;
- Ақпан – жасампаздық және жанашылдық айы;
- Наурыз – ұлттық салт-дәстүр айы;
- Сәуір – инновациялық даму айы;
- Мамыр – зерде және ұшқырлық айы.

Әр айда тақырыпқа сай іс-шаралар ұйымдастырылады. Сынып жетекшілері ата-аналармен бірге ынтымақтасып, өткізілген іс-шара негізінде ай сайын мектеп әкімшілігіне есеп өткізеді. Оқушылардың бойында ұлттық құндылықтар қаншалықты дарығаны оларды күнделікті өзара әңгімелесу барысында, шараларға қатысу барысында, үйде өздерін ұстау барысында көрінеді. Адал азамат қалыптастыру – тек қағаз жүзінде емес, іс жүзінде іске асуы керек аса қажет шара. Себебі қазіргі қоғамда әлеуметтік желінің бақылаусыз тәртіпсіз контенттерінің кесі-

рінен жас өрендеріміз былапыт сөздер айтып, бойкүйездікке бет алып бара жатқаны баршамызға мәлім. Соның негізгі кінәлі құралы – қолдарындағы смартфон екені айтпаса да белгілі. Сол смартфонның пайдасынан гөрі зиянын көріп отырған жасөспірімдер мен бүлдіршіндер қалай ақырындап ұлттық тамырынан ажырап бара жатқанын байқамай да қалуда. Сол олқылықтың алдын алу үшін құзіретті министрлік «Адал азамат» бағдарламасын енгізді. Сол бағдарламаны жүзеге асыру әрбір мектеп директорының, әкімшілігінің, әрбір ұстаздың мойнындағы борыш деп санаймын. Бағдарламаның орындалуы бір оқу жылында бола қалатын жұмыс емес. Ол әрбір мектеп оқушысының өз ана тілінде таза сөйлеп, сыпайы болып, қоғамға зиянын тигізбей, үлгілі азамат пен азаматша болуына талап ететін үзіліссіз үрдіс болып қала бермек. «Адал азамат» ол қандай азамат?» деген сұраққа жауап беру арқылы біз сол адал азаматты қалыптастыра аламыз. Оның бойындағы еліне, жеріне деген сүйіспеншілік, ұлтына деген мақтаншы, ата-анасы мен жақындарына деген қарым-қатынасы оның ұлттық құндылықтарды бойына қаншалықты сіңіргендігін көрсетеді. Ұлттық кодты сақтау, ата-баба өсиетін жерге қалдырмау, аманатқа қиянат жасамау – әрбіріміздің қасиетті борышымыз екенін ұмытпайық, ағайын! Еліміз көркейіп, ұрпағымызбен мақтанатындай болатынымызға сенімім мол.

Райгул Халиковна ЖУМАГАЛИЕВА,
«№96 жалпы білім беретін мектеп»
КММ директоры.
Алматы қаласы.



Жоғары білімдегі сандық бейімделудің үш компоненттік шеңбері: саяси логика, технологиялық мүмкіндіктер және педагогикалық белсенділіктің өзара әрекеттесуі

Түйіндеме: Бұл зерттеу жоғары білімдегі сандық бейімделу үдерісін талдайтын үш компоненттік теориялық шеңберді ұсынуды мақсат етеді. Жұмыстың негізгі тұжырымы: білім беру мекемелерінің сандық түрленуі технологияны жай енгізу емес, саяси логиканың (стратегиялық бағдар мен ресурсты бөлу), технологиялық мүмкіндіктердің (инфрақұрылым мен платформалардың ішкі қабілеттері мен шектеулері) және педагогикалық белсенділіктің (оқытушылардың жобалау еркіндігі мен студенттердің қатысу-кері байланысы) үнемі өзара әрекеттесуінің және динамикалық келіссөздерінің нәтижесі болып табылады. Зерттеу әр өлшемнің мазмұндық элементтерін жүйелі түрде ашып, олар арасындағы өзара әрекеттесу механизмдерін – мүмкіндіктендіру, шектеу, бейімделу және қарсылық көрсетуді талдайды және жүйенің динамикалық тепе-теңдікке жету жолдарын зерттейді. Бұл шеңбер білім берудің сандық түрленуін түсіну үшін біріктірілген және процессуалдық талдау көзқарасын ұсынады.

Түйін сөздер: Сандық бейімделу; Үш компоненттік шеңбер; Саяси логика; Педагогикалық белсенділік.

Жоғары білім беру саласы сандық технологиялардың енуі арқылы терең қайта құрылуда. Дегенмен, бұл үдеріс құралдық деңгейдегі технологиялардың қосылуы ретінде жеңілдетілмейді, керісінше институттарды, мәдениет пен тәжірибені қамтитын терең әлеуметтік түрлену ретінде түсінілуі керек. Бұрынғы зерттеулер жиі саясат, технология немесе оқыту сияқты жеке өлшемдерді оқшауланған түрде зерттеп, олардың бір-бірімен өрілісіп, бір-бірін қалыптастыратын динамикалық қатынасын толық аша алмады (Ugur, 2020). Осы тұрғыдағы олқылықты анықтап, оны толтыру мақсатында бұл мақала «саяси логика – технологиялық мүмкіндіктер – педагогикалық белсенділік» үштік өзара әрекеттесу шеңберін ұсынып, оны дамытады. Бұл модель сандық бейімделуді тұрақты аяқталған нәтиже емес, үздіксіз дамып жатқан, келіссөздер мен реттеулерге бай процесс ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Осылайша, бұл зерттеудің түпкілікті мақсаты – осы шеңбердің теориялық құрамдас бөліктерін жүйелі түсіндіру және оның ішкі логикасы мен эволюциялық механизмдерін ашу. Жоғарыда айтылған олқылықты тол-



тыру мақсатында құрастырылған бұл шеңбер өзара тығыз байланысты үш өлшемнен тұрады. Біріншісі – саяси логика. Бұл өлшем мемлекеттік және институционалдық деңгейдегі стратегиялық бағдарларды, ресурсты бөлу принциптерін және нәтижелерді бағалау жүйелерін біріктіреді. Ол сандық түрленудің «неге» және «қалай» басталуы керектігін анықтайды, сонымен қатар күтілетін шығын мен нәтиженің құндылық ауқымын алдын ала белгілейді. Екінші өлшем – технологиялық мүмкіндіктер. Бұл сандық платформалардың архитектурасын, деректер ағынының өзара іс-қимылдасуын және жасанды интеллект сияқты ақылды құралдардың қолжетімділік деңгейін қамтиды. Технология бейтарап тасымалдаушы емес, оның дизайны нақты білім беру философиялары мен педагогикалық сценарийлерін іштей қамтиды, бұл оны бір мезгілде мүмкіндік пен тосқауылдың көзіне айналдырады. Үшінші және шешуші өлшем – педагогикалық белсенділік. Бұл оқытушылар мен студенттердің күнделікті тәжірибелеріндегі агенттік қабілетіне қатысты: оқытушылардың технологияны өз кәсіби бағалауына сәйкес бейімдеуі, тіпті қайта құруы; студенттердің белсенді қатысуы, сыни рефлексиясы немесе берілген тапсырмалар контекстіндегі стратегиялық икемділігі (Ugur, 2020). Сандық түрленудің нақты формасы дәл осы үш өлшемнің қиылысу нүктесінде анықталады.

Үш өлшем төрт негізгі механизм арқылы үздіксіз өзара әрекеттеседі. Мүмкіндіктендіру саясаттың технологияны қолдануға институционалдық легитимділік пен ресурс ұсынуы, ал технологияның оқыту инновациясының ықтимал кеңістігін кеңейтуі арқылы

көрінеді. Шектеу технологиялық жүйелердің туа біткен дизайны оқыту формаларының әртүрлілігін шектейтінінде, сонымен бірге саясаттағы сандық көрсеткіштер білім беру практикасының мазмұнын тарылтуы мүмкіндігінде көрініс табады. Бейімделу оқыту субьектісінің сыртқы ортаға жауабы болып табылады: оқытушылар технологияны нақты оқыту контекстіне сәйкес келуі үшін «жануарлайды», студенттер оқу тапсырмаларын орындау үшін оны стратегиялық пайдалануды дамытады. Қарсылық субьектінің сәйкес келмейтін нормалардан бас тартуын білдіреді: оқытушылар білім беру философиясына қайшы келетін құралдарға пассивті түрде қарауы мүмкін, студенттер нашар жобаланған сандық ортадан шығып кетуі мүмкін (Nherera & Mukora, 2024). Осы механизмдердің бірге болуы мен өрілуі сандық бейімделу үдерісін кернеу мен белгісіздікке толы етеді.

Сандық бейімделудің денсаулықты болуы саясат, технология және педагогика үштігінің динамикалық тепе-теңдікке жетуіне, бір-бірін күшейтетін өзара тіршілік ету қатынасын құруына байланысты. Бұл тепе-теңдік автоматты түрде пайда болмайды, ол рефлексивті басқаруға сүйену арқылы іске асырылуы керек. Бұл мынаны білдіреді: саяси логика икемді болуы керек, оның қалыптасуы технологиялық жағдайлар мен оқыту шындығына үздіксіз диагноз және диалог негізінде болуы керек, қатаң нұсқаулардан аулақ болуы керек; технологиялық мүмкіндіктер ашықтық пен қалыптасу мүмкіндігіне ие болуы керек, оқытушылардың жергілікті жағдайға бейімдеуі мен инновациясы үшін кеңістік қалдыру керек; педагогикалық белсенділік белсенді түрде дамытылып, институционалды



түрде қамтамасыз етілуі керек, оқытушылар қауымдастығын құру, тәжірибе алмасу мен шешім қабылдауға қатысуды ынталандыру арқылы олардың көсіби автономиясы нығайтылуы керек (Zhukabayeva et al., 2025; Dzhanegizova et al., 2024). Тек осылайша адам дамуын мақсат ететін, технология білім берудің шынайы мәніне қызмет ететін тұрақты экожүйе құруға болады.

Бұл зерттеу жоғары білімдегі сандық бейімделуді түсінуге арналған жана және жан-жақты үш компоненттік талдау шеңберін ұсынып, негіздеді. Саяси логика, технологиялық мүмкіндіктер және педагогикалық белсенділік біріктірілген, динамикалық дамып жатқан жүйені құрайды. Олар мүмкіндіктендіру, шектеу, бейімделу және қарсылық көрсету сияқты механизмдер арқылы бір-біріне әсер етеді де, түрленудің нақты бағыттарын бірлесе қалыптастырады. Бұл шеңбер күрделілікті жеңілдетпейді, керісінше оның ішкі күштері мен негізгі кернеулерін ашуға бағытталған. Теориялық деңгейде ол макроқұрылымды, мезожүйені және микросубъектілерді байланыстыратын талдау құралын ұсынады; тәжірибелік деңгейде ол білім беру мекемелерін технологияның тиімділігін бағалаудан тыс, саясат, технология және адам практикасы арасында өнімді шарттар қалай жасауға болатынына назар аударуға шақырады. Болашақ зерттеулер терен сапалы жағдайлық зерттеулер арқылы әртүрлі институционалдық және мәдени контексттерде бұл теориялық шеңберді сынауға, сынға алуға және жетілдіруге мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Zhukabayeva, T., Baumuratova, D., Zholshiyeva, L., Karabay, A., &

Abdrakhmanov, K. (2025). Digital transformation in higher education: Toward a national model of digital university in Kazakhstan through global and local comparison. *Sustainability*, 17(24), 11132. <https://doi.org/10.3390/su172411132>

2 Alenezi, M. (2021). Deep dive into digital transformation in higher education institutions. *Education Sciences*, 11(12), 770. <https://doi.org/10.3390/educsci11120770>

3 Nherera, C. M., & Mukora, F. N. (2024). Digitalisation of higher education in Zimbabwe: A challenging necessity and emergingsolutions. *Journal of Comparative & International Higher Education*, 16(2), 25–34. <https://ojed.org/jcihc>

4 Dzhanegizova, A. S., Amerzhanova, D. A., Mukhamedieva, G. M., Kirbasova, L. G., & Akbaeva, A. E. (2024). Digitalization of higher education in Kazakhstan: Problems and development prospects. *Bulletin of National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan*, 2(408), 386–400. <https://doi.org/10.32014/2024.2518-1467.730>

5 Ugur, N. G. (2020). Digitalization in higher education: A qualitative approach. *International Journal of Technology in Education and Science (IJTES)*, 4(1), 18–25. <https://doi.org/10.46328/ijtes.v4i1.74>

Чжао Люи,
Нұрболат Рена,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университеті
«7М04134 – Педагогика.
Білім берудегі менеджмент» білім
беру бағдарламасының 1-курс
магистранттары.
Алматы қаласы.



Бастауыш сынып сабақтарында ойын технологиясын пайдаланудың маңызы

Ойын балалар үшін оқу да, еңбек те болып табылады. Ойын – айналадағы дүниені тану тәсілі. Ойын балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңудің жолын үйретіп қана қоймайды, ұйымдастырушылық қабілетін қалыптастырады. Кез келген бастауыш сынып мұғалімі өзінің балаларға берген білімінің нәтижелі, сапалы, қызықты болуы үшін, ойын технологиясының маңызы зор екендігін тәжірибе барысында біледі.

Тиімді қолданылған ойын мұғалімнің түсіндіріп отырған материалын оқушылардың зор ынтамен тындап, берік меңгеруіне көмектеседі. Өйткені төменгі сыныптағы оқушылардың аңсары сабақтан гөрі ойынға ауыңқырап тұрады. Қызықты ойын түрінен кейін олар тез серігіп, тапсырманы ықылас-тана әрі сапалы орындайтын болады.

Қазақ тілін оқытуда ойын түрлерін мынадай мақсаттарда қолдану тиімді:

1. Әліпбиді дұрыс меңгерту;
2. Оқу дағдысын қалыптастыру;
3. Орфографияны дұрыс игеру;
4. Лексиканы меңгерту;
5. Грамматикалық құрылымды меңгерту;
6. Оқушының ойын дамыту, дұрыс жазу, дұрыс айту, дұрыс оқи білу дағдыларын қалыптастыру.

Сабақ қызықты болу үшін әрі балалар тақырыпты нәтижелі меңгеруі үшін әр түрлі дидактикалық ойындарды дұрыс қолдана білген жөн. Ол үшін ойын түрлерін тақырыпқа сай, дұрыс тандап

алу керек. Мысалы: Бірінші сыныпта әріп таныту кезінде, кез келген әріпті таныстырарда, дәлірек айтсақ, Р р дыбысы мен әрпін өткенде «**Дыбыстық жаттығу**» ойынын жүргізген тиімді болады.

Ит қалай үреді? (Р-р-р) деп айтқызып, қай дыбыстан басталатыны сұралады. Балалар р дыбысын айтады.

Осы сабақта «**Кім байқады?**» ойынын ойнатуға болады. Суреттерді тақтаға іліп, аттарын ататып, сөздерден бірдей дыбыстарды табу керек: тарақ, арпа, парта, ара, радио.

Буын тақырыбын өткен кезде «**Қай буынды жоғалттым?**» ойынын ойнату арқылы тақырыпты сапалы меңгертуге болатындығын және сөздерді сауатты тасымалдауға үйретудің бірден-бір жақсы жолы екендігін жұмыс барысында байқадық. Бұл ойында бір буынды қалдырылып кеткен сөз карточкалары жасалады. Мысалы: Са....., ас....., қар....ғаш,на, ба....пан, қай....., т.б.

Сөз бен сөйлем тақырыптарын өтіп жатқан уақытта «**Қай сөзді жоғалттым?**» ойынын ойнатуға болады. Бір сөзі кем сөйлемдер дайындалады. Мысалы: Гүлім ... оқыды. ... сурет салды. Мөлдір ... жем шашты.

Осы тақырыпты өту барысында «Сөз ойла, тез ойла» ойынын ойнату арқылы балалардың ойлау қабілеттерін жетілдіруге, шапшандыққа баулуға болады. Ойын барысы: Мұғалім кеспе әріптер қалтасынан кез келген бір әріпті алып шығады, балалар сол дыбысқа байла-



нысты жылдам сөздер ойлап, айтуы керек.

Өтілген дыбыстарды қайталау, пысықтау кезеңінде «Шатыспақ» ойынын сабақта пайдалана отырып, сабақты жақсы қорытындылауға болады. Ойын шарты: әріптер қалтасына әріптер ретсіз салынады. Мысалы: АЛМА (М, А, Л, А) шатасқан әріптерді ретімен қойғанда шыққан «Алма» сөзін буынға бөлгізіп, онда екі буын бар екендігін, төрт дыбыстан тұратынын, оның екеуі дауысты, екеуі дауыссыз екенін оқушылардан сұрап біліп, әр сөзге жеке-жеке дыбыстық, буындық талдау жасалады.

Сонымен қатар бастауыш сыныптарда кез келген пәндерде, тиімді пайдаланылған ойын элементтері — мұғалімнің түсіндіріп отырған материалын оқушылардың аса зор ілтипатпен тыңдап, сапалы меңгеруіне сенімді көмекші бола алатындығын, ойын барысында байқауға болады.

Атап айтсақ; дүниетану пәні бойынша «Көкөністер мен жемістер», «Үй және жабайы жануарлар», «Жыл мезгілдері», «Үй және дала құстары», т.б. тақырыптарды өткенде «Артық суретті тап» ойынын ойнатуға болады. Ойын шарты: «Жыл мезгілдері» тақырыбын өткенде, оқушыларды төрт топқа бөліп, «Көктем», «Жаз», «Күз», «Қыс» топтарының алдына әр түрлі суреттер тастау. Әр топ өз мезгілдеріне сай суреттерді жабыстыру. Мысалы, «Қыс» тобы, сырғанақ теуіп жүрген балалар, қолғап, қар басқан ағаштар, т.б.

Математика пәнінде де түрлі қызықты дидактикалық ойындарды пайдалану арқылы өтілген тақырыпты балаларға жақсы меңгертуге болады.

Бірінші сыныпта «Сандар құрамда-

рын» қайталап, пысықтау уақытында сандық құрамды ажыратуға арналған дидактикалық ойындарды пайдалану арқылы нәтижелі білім беруге болады. Мысалы: «Сан құрастыр» ойыны. Мұғалім балалардың алдына сандар жазылған дөңгелектер тастайды. Кез келген бір санды айтады. Атап айтсақ, «6» санын көрсеткенде балалар, 5 саны жазылған және 1 саны жазылған немесе 4 саны және 2 саны жазылған дөңгелектерді көрсетуі керек, т.б.

Сандарды тани білуге, аталған сан арасындағы санды атай білуге үйрету мақсатында «Қандай сандар жетіспейді?» ойыны арқылы балалардың сабаққа деген қызығушылықтарын оятуға болады. Шарты: дөңгелектеніп жазылған таратпа материалдағы сандарды балалардың алдарына қою. Мұғалім 3-5 десе, балалар сол сандарды жылдам тауып алып қою және ортасындағы санды табу.

Бұл ойындарды сыныптан сыныпқа көтерілген сайын күрделендіріп отыруға болады. Сонымен қатар қиыншылық тудыратын ойындар да болады. Мысалы: «Керісінше» ойынын ойнағанда, кейбір оқушылар әріптерді шатастырып жібереді. Д орнына Б жазып қойғандар бар. Қателер сыныптың басқа оқушылары арқылы түзетіледі.

Бала ойынсыз өсе алмайды. Бұл — өмір заңдылығы. Мектеп оқушылары өздеріне тән ерекшеліктерін сабақ үстінде, ойын үстінде көрсетеді, білімді ойын арқылы ала алады. Сондықтан сабақта ойын арқылы білімін шыңдап, ой-өрісін кеңейтеді. Ал, ойынның өз мақсаты, жоспары, тәрбиелік мәні болады.

Бастауыш сынып оқушыларын ойната отырып, ойландырып, балаға тәр-



биелік мәні зор ойындар арқылы дамытуға болады. Бұл кезде жақсы оқушы дамып, нашар оқушы қалып қоймайды. Жақсы оқушы мүмкіндігіне дейін дамып, нашар оқитын оқушы өз мүмкіндігінше сабаққа араласып, өз үлесін қосып отырады.

Қорыта айтқанда, кез келген ойын түрлерін сабақта қолданғанда оқушыларда әрекет пайда болып, дүниетанымы кеңейеді. Сөйтіп, оқушы ой-өрісін ойын арқылы дамытады. Артта қалған, жасық, мектептен қорқатын, оқуға енжар, күшпен оқитын оқушы болмайды.

В.А. Сухомлинский атпақшы: «Ойын баланың алдынан өмір есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін дамытады, ойынсыз ақыл-ойдың қалыптасуы мүмкін емес».

Анаргүл Ербайқызы

САЙЛАУБАЕВА,

Лаура Болатбекқызы

ҚҰРМАНГАЛИЕВА,

№21 мектептің бастауыш сынып

мұғалімдері.

Семей қаласы,

Абай облысы.



«Қазақстан тарихы» пәні сабақтарында «Қазақ хандығы» тақырыбының сабақтастығы

Білім алушыға заманауи білім берумен қатар, өмірлік көзқарасын кеңейтіп, жеке тұлға ретінде қалыптасуына әсер ететін тәрбиелеудің негізгі міндеттері көбіне тарих сабақтарында жүзеге асатыны белгілі. Сондықтан да тарих пәнінің мұғалімі «Қазақ хандығы, оның қалыптасуы туралы мағлұматтармен оқушыларды кеңінен таныстыру үшін, тақырыптың тар шеңберінде қалып қоймай, пәнаралық, пәнішілік байланысты ұтымды қолданып, тәуелсіз Қазақстанның саяси өміріндегі игі жаңалықтармен байланыстыра отырып түсінік берсе әрі оқушылардың бұрынғы білімдерін жаңғырта отырып, Қазақ хандығы жөніндегі жана ұғымдармен

сабақтастыра алса ғана оқытудың сапасы артпақ.

